

"Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 желтоқсандағы N 1394 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Осы Заң аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудит жүргізілетін субъект - аудитормен немесе аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуге шарт жасасқан заңды тұлға;

2) шартсыз франшиза - белгіленген соманы шегере отырып сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін франшиза;

3) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

4) аудитордың және аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - аудитордың және аудиторлық ұйымның аудитті жүзеге асыру кезінде аудит жүргізілетін субъектілерге келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген міндеті;

5) сақтанушы - сақтандырушымен аудитордың немесе аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан аудитор

немесе

аудиторлық

ұйым;

6) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға оның аудитордың немесе аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

7) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

8) сақтандыру жағдайы - басталуына байланысты аудитордың немесе аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін жағдай;

9) сақтандырушы - сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы болған кезде аудитордың немесе аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы;

10) франшиза - сақтандырушының өтеуіне жатпайтын шығынның сомасы.

2-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдар

1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі

Аудитордың немесе аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, аудитті жүзеге асыру кезінде аудит жүргізілетін субъектілерге келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

4-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты және негізгі қағидаттары

1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты (бұдан әрі - аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру) аудитордың немесе аудиторлық ұйымның аудитті жүзеге асыруы кезінде мүліктік зиян келтірілген аудит жүргізілетін субъектілердің мүліктік

мүдделерін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандырудың негізгі қағида ттары :

аудит жүргізілетін субъектілердің мүліктік мүдделерін осы Заңда белгіленген көлемде және тәртіппен қорғауды қамтамасыз ету;

аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметін жүзеге асыру;

аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға жататын тұлғалар

1. Жеке кәсіпкер ретінде аудиторлық қызметті жүзеге асыратын және аудиторлардың және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті түрде сақтандырылуға жатады.

2. Аудитордың немесе аудиторлық ұйымның кәсіби қызметті жүзеге асыруға байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасуы аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.

6-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасаспай аудитордың және аудиторлық ұйымның қызметін жүзеге асыруға жол бермеу

1. Аудитор мен аудиторлық ұйым аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасаспай аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқылы е м е с .

2. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасаспай қызметін жүзеге асыратын аудитор немесе аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауапкершілікте болады.

7-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру жүйесін мемлекеттік бақылау

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Аудиторлардың (аудиторлық ұйымдардың) осы Заңның олардың аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасу міндетіне қатысты бөлігіндегі талаптарды орындауын бақылау және осы талапты бұзған аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарға шаралар қолдану Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік органға жүктеледі.

2-тарау. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты

8-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты, оны жасасу тәртібі

1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасында осы Заңға сәйкес жасалатын аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.

2. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты сақтандырушы мен сақтанушы арасында аудит жүргізу кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін пайда алушының пайдасына жасалған келісім болып табылады.

3. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында, аудит жүргізілетін субъектілердің моральдық зиянын, айырылып қалған пайдасын және тұрақсыздық айыбын өтеуге байланысты талаптарын қоспағанда, сақтанушының аудитті жүзеге асыруы нәтижесінде аудит жүргізілетін субъектілерге келтірілген мүліктік зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруы көзделеді.

4. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс. Осы талапты бұзу аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың міндеті сақтандыру шартының жарамсыздығына әкеп соғады.

5. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты тараптардың бір ғана құжатты - аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу арқылы жазбаша нысанда жасалады және сақтандыру полисін берумен куәландырылады.

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасуға сақтанушының өтініші негіз болып табылады.

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағандығы үшін жауапкершілік сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан ол бойынша дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының п а й д а с ы н а ш е ш і л е д і .

6. Егер аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты сақтанушының немесе аудит жүргізілетін субъектінің жағдайы осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлайтын жағдайларда жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы осы Заңда белгіленген шарттармен сақтанушының және аудит жүргізілетін субъектінің алдында міндеттемелер атқарады.

9-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының қолданылуы

1. Егер аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол күшіне енеді және сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны бөліп төлеген кезде бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап тараптар үшін міндетті болады.

2. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

Сақтандыруды қорғау кезеңі аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

3. Егер аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

10-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының қ о л д а н ы л у ы :

1) шарттың қолданылу мерзімі өткенде;

2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

3) сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылады.

11-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Егер аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған болса, ол сақтанушының төлеген сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақыларын бөліп төлеген кезде) оған толық қайтаруға міндетті. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың өзге жағдайларында сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа тепе-тең болатын бөлігін алуға сақтандырушының құқығы бар.

12-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығы

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың талаптары және негіздері, сондай-ақ оның құқықтық салдарлары осы

Заңның ережелері ескеріле отырып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленеді.

13-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н у ш ы :

1) сақтандырушыдан аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру талаптарын, аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартынан кез келген у а қ ы т т а б а с т а р т у ғ а ;

3) сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген тәртіппен және талаптарда алуға қ ұ қ ы л ы .

Аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2 . С а қ т а н у ш ы :

1) аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

2) аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасуға қажетті мәліметтерді беруге;

3) аудитті жүзеге асыру кезінде келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты талаптың (талап арыздың) берілгені туралы өзіне белгілі болғаннан бастап тез арада, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзіне қолайлы кез келген тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға;

4) оқиғаның туындауы салдарынан сақтандырушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын оның себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зиянның сипаты мен көлемі туралы талқылауға мүмкіндік беретін қол жетерлік барлық ақпаратты және құжаттаманы сақтандырушыға ұсынуға;

5) сақтандырушының аудит жүргізілетін субъектінің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуына мүмкіндік беруге;

6) сақтандыру жағдайының болжалды зияндарының алдын алу немесе азайту үшін орын алып отырған жағдайда ақылға сыйымды және мүмкін болатын шараларды қолға а л у ғ а ;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап (регресс) құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

14-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті

сақтандырудың бұдан бұрынғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартын жасасуға қажетті өзге де мәліметтер беруін талап етуге;

2) заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

3) аудитті жүзеге асыруға байланысты міндеттерін орындау нәтижесінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы аудит жүргізілетін субъектілердің талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;

4) осы Заңның 20-бабында көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жауапты адамға кері талап ұсынуға;

5) осы Заңның 21-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) сақтанушыны аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға, оның аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтаруға ;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген тәртіппен және талаптармен жүргізуге;

4) сақтанушыға оның сақтандыру жағдайы кезінде шығынды болдырмау немесе азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;

5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

6) сақтандыру төлемі уақтылы төленбеген кезде осы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

3-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы

15-бап. Сақтандыру сомасының мөлшері

Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ

мұндайда сақтандыру сомасының мөлшері:

1) жеке кәсіпкер болып табылатын аудитормен жасасқан аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты бойынша - шарт жасау күні белгіленген 2 000 есе айлық есептік көрсеткіштен;

2) аудиторлық ұйыммен жасасқан аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты бойынша - шарт жасасу күні белгіленген 10 000 есе айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

16-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ мұндайда сақтандыру сыйлықақысының мөлшері аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 4,5 процентінен аспауы тиіс.

17-бап. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі

1. Аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

2. Егер аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, онда сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтандырушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

4-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемі

18-бап. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. Аудитті жүзеге асыру кезінде аудит жүргізілетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу жөнінде сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы сот шешімі заң күшіне енген не сақтанушы аудит жүргізілетін субъектілердің зиянды өтеу туралы талаптары негізді деп таныған және сақтандырушы сақтанушының талаптарды мойындауымен келіскен сәттен басталды деп есептеледі.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін аудит жүргізілетін субъекті талаптарының сомасына қарай сақтандырушы анықтайды немесе осы Заңның 8-бабы 3-тармағының ережелерін ескере отырып, келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімімен анықталады.

4. Сақтанушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының

нұсқауларын орындау үшін жүргізілген болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бірақ сонымен қатар, сақтандыру төлемі мен өтемақы шығыстарының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс, егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық көлемде өтеледі.

5. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінің бес процентін құрайтын сөзсіз франшизаның сомасына азайтылады.

19-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың талаптары және тәртібі

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе аудит жүргізілетін субъект сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып жазбаша нысанда ұсынады.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шарты;

2) аудит жүргізілетін субъектінің зиянды өтеу туралы сақтанушы таныған талабы немесе аудитті жүзеге асыру кезінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі;

3) заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

4) сақтанушы мен аудит жүргізілетін субъект арасында жасалған аудит жүргізуге арналған шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

5) зиянды болдырмау немесе азайту жөнінде шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар - олар болса;

6) аудиторлық есептің көшірмесі.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның сақтандырушыдан талап ету құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

5. Аудитті жүзеге асыру нәтижесінде сақтанушы зиян келтірген аудит жүргізілетін субъект, ал аудит жүргізілетін субъект қайта ұйымдастырылған жағдайда - оның құқық мирасқоры пайда алушы болып табылады.

Аудит жүргізілетін субъектіге (оның құқық мирасқорына) келтірілген зиянды сақтандырушының осы Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және өз шығыстарын сақтандырушының өтеуіне құқық алған сақтанушы немесе өзге де тұлға пайда алушы болып табылуы мүмкін.

6. Сақтандырушы осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жасайды.

7. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы қарсы болған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің көрсетілген адамдардың бірде-бірі қарсы болмаған бөлігін осы баптың 6-тармағында көзделген мерзім ішінде төлеуге міндетті.

Сақтандырушы сақтандыру төлемінің қарсылық болған бөлігін, егер сот шешімінде оның тез арада орындалуы айтылмаса, бітім келісіміне қол қойылған және оны сот бекіткен күннен бастап не осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

8. Сақтандырушыға аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

20-бап. Зиян келтірген адамға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының сақтанушыға жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде мынадай жағдайларда:

1) сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері салдарынан болса;

2) сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер жасауы салдарынан басталса;

3) сақтанушы (сақтандырылушы) сақтандыру жағдайының шығындарын азайту жөнінде қасақана шара қабылдамаса;

4) сақтанушы сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы қасақана жалған мәліметтерді сақтандырушыға хабарлағанда;

5) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқанда, сондай-ақ талап қою құқығының өтуі үшін қажетті сақтандыру құжаттарын беруден бас тартқанда кері талап қоюға (регресс) құқығы бар.

2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты адамға сақтанушы қоятын кері талап қою (регресс) құқығы төленген сома шегінде ауысады.

21-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

1) аудит жүргізілетін субъектінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

2) аудит жүргізілетін субъектінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына м ы н а л а р д а :

1) сақтанушының шығын келтіруге кінәлі адамнан шығынға тиісті өтем алуы;

2) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушының аудит жүргізу нәтижесінде шеккен зиянды өтеу міндетіне байланысты талаптың (талап арыздың) ұсынылғаны туралы ескертпеуі немесе уақтылы ескертпеуі;

3) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тексеруде және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуде сақтандырушыға кедергі жасауы;

4) аудит жүргізілетін субъектінің аудит жүргізуге арналған шартта көзделген м і н д е т т е р д і б ұ з у ы ;

5) сақтанушының Қазақстан Республикасының аудит туралы заңдарында анықталған аудитордың (аудиторлық ұйымның) функцияларына және міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы;

6) аудит жүргізілетін субъектінің сақтанушыға толық емес және/немесе шынайы емес құжаттаманы және аудит жүргізуге қажетті басқа ақпаратты ұсынуы негіз болуы м ү м к і н .

3. Егер сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы туралы уақтылы білгендігі дәлелденсе не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің жоқ болуы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпесе, сақтанушы аудитті жүзеге асыру кезінде шеккен зиянды өтеу міндетіне байланысты талаптың (талап арызының) ұсынылғаны туралы сақтандырушыны ескертпеу немесе уақтылы ескертпеу сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз бола алмайды.

4. Сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болған кезде сақтандырушы осы Заңның 19-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш беруші тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді түрде негіздей отырып жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жібереді.

5. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

5-тарау. Қорытынды ережелер

22-бап. Дауларды қарау тәртібі

Аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

23-бап. Аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Аудиторларды және аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

24-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті